

«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ
Сапа менеджменті жүйесі
Санкциялық саясат

ПК-03-60-01
Басылым: 1/2024ж.

**«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар Кеңесінің Шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**2024 жылғы «__» _____
№ _____ Хаттамасы**

**«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
САНКЦИЯЛЫҚ САЯСАТ**

ПК-03-60-01

МАЗМҰНЫ

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2-тарау. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
3-тарау. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ	3
4-тарау. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР	3
5-тарау. САНКЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ САҚТАУ ТӘРТІБІ	4
6 -тарау. ТӘУЕКЕЛГЕ ІКЕЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ	4
7-тарау. ЖАУАПКЕРШІЛІК	5
8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
Танысу парағы	6

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) өзінің іскерлік беделін жоғары бағалайды, қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адал жүзеге асырады, сондай-ақ қабылданған заңдардың санкциялар туралы нормаларын сақтайды.

Заңнамалық талаптар мен санкциялар туралы шарттарды сақтау Компанияның заңды міндеті ғана емес, сонымен қатар оның іскерлік беделін нығайту және қолдау, сондай-ақ акционерлер мен Компанияның басшылығының мүдделерін қорғау үшін қажетті шарт болып табылады.

2. Осы санкциялық саясаттың (бұдан әрі – Саясат) мақсаттары:

- 1) Компанияның экономикалық және қаржылық санкцияларды қолдану тәртібін реттейтін нормаларды сақтау.
- 2) тиісті экономикалық және қаржылық санкцияларда көзделген әлеуетті бұзушылықтардың алдын алу.
- 3) экономикалық және қаржылық санкциялар анықталған жағдайда қолданыстағы санкциялар мен мінез-құлық ережелерін анықтау тәртібін анықтау.
- 4) Осы саясаттың талаптарын әдейі бұзатын Компания қызметкерлерінің жауапкершілігін белгілеу.

2-тарау. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

3. Осы саясаттың ережелері Компанияның барлық қызметкерлері мен клиенттері үшін міндетті болып табылады, Компания жүргізетін барлық операциялар/мәмілелер бойынша біртұтас жұмыс тәртібін анықтайды.

3-тарау. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

4. Пайдаланған құжаттардың тізімі:

- 1) Компания Жарғысы;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 4) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңы;
- 5) Санкциялар туралы заңдар - экономикалық және қаржылық санкцияларды енгізетін, қабылдайтын немесе қолданатын кез келген санкция көздерімен реттелетін заңдар, ережелер; немесе кез келген басқа заң, заңнама, әкімшілік бұйрық немесе ереже, соның ішінде АҚШ-тың Шетелдік активтерді бақылау басқармасының (OFAC) қабылдаған бағдарламалары, Еуропалық Одақтың (ЕО) Еуропалық кеңесі қабылдаған санкция пакеттері, Ұлыбританияның қаржылық санкцияларды жүзеге асыру басқармасының (OFSI) қаржылық санкциялары және басқалары.

4-тарау. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Санкциялар - осы саясаттағы санкциялар деп үшінші тұлғалардың, оның ішінде компаниялардың, мемлекеттердің экономикалық (оның ішінде сауда санкциялары, эмбарго, әртүрлі тауарлардың экспортын және/немесе импортын шектеу, инвестицияларға тыйым салу), қаржылық (активтерді қатыру, жекелеген елдерге кіруге тыйым салу, жекелеген елдерге қаржылық көмек көрсетуге тыйым салу) қатынастарын реттеуге санкциялар көздері қолданатын шаралар түсініледі.

Қызметкер - Компаниямен еңбек қатынастарында болатын және еңбек шартында көрсетілген жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

Клиент - Компаниямен азаматтық-құқықтық қатынастарда болатын жеке немесе заңды тұлға, мекеме немесе ұйым, соның ішінде, бірақ шектеусіз, сақтандырушылар, сақтандырылғандар, пайда алушылар, жеткізушілер.

Мәміле - екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі.

5-тарау. САНКЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ САҚТАУ ТӘРТІБІ

5. Компания өз қызметінің негізгі түрін жүзеге асыру барысында Біріккен Ұлттар Ұйымы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия, сондай-ақ Еуропа Одағының елдері және басқалар қабылдаған санкциялардың талаптарын сақтайды.

6. Тиісті дереккөздер қабылданған санкциялардың талаптарын сақтау, Компания мен оның клиенттері өз қызметін жүзеге асыратын кез келген аумақта қолданыстағы санкциялардың нормалары мен шарттарына қайшы келетін кез келген әрекеттерге тыйым салуды қамтиды.

7. Санкциялар туралы заңдарды бұзған жағдайда, Компанияның қаржылық қызметі осындай санкциялар туралы заңдардың шараларымен шектелуі мүмкін.

8. Құқық қорғау органдарының заңсыз жолмен алынған кірістерді легализациялауға (жылыстатуға) және ланкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Компанияда бекітілген П-03-60-01 ішкі бақылау саясатының талаптарына сәйкес, Компания мәміле жасаған кезде клиенттерді санкциялық тізімдерде жоқ екендігін тексереді. Тексеру, санкциялардың талаптары мен нормаларын бұзудан аулақ болу үшін мүліктері шектеулерге ұшыраған немесе санкцияларға ұшыраған тұлғаларға тиесілі компанияларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

6-тарау. ТӘУЕКЕЛГЕ ӘКЕЛЕТІН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

9. Компанияның қызметкерлері мен клиенттері өз қызметін жүзеге асыру барысында санкциялардың талаптары мен шарттарын сақтауға міндетті. Санкцияларды бұзу тәуекелі не бұзушылық фактісі болған жағдайда Компания клиенттері байланыс жасаушы тұлға болып табылатын Компания қызметкерін дереу хабардар етуге міндетті. Санкцияларды бұзу тәуекелі не Компания қызметкерінің өзін бұзу фактісі болған жағдайда соңғысы бұл туралы Компанияның комплаенс-бақылаушысын хабардар етуге міндетті.

10. Компанияның клиенттері санкцияларды бұзу тәуекелі болған не санкцияларды бұзу фактісі болған жағдайда, мұндай бұзушылықты жою және/немесе алдын алу үшін тез арада барлық мүмкін күш-жігерін жұмсауға тиіс. Клиенттер осындай факті немесе тәуекелді іске асыру ықтималдығы туралы белгілі болысымен санкцияларды бұзу тәуекелі туралы Компанияны хабардар етуге міндетті. Санкцияларды бұзуды жойғаннан/немесе ескерту жасалғаннан кейін Клиенттер қабылданған шаралар туралы Компанияны (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

7-тарау. ЖАУАПҚЕРШІЛІК

11. Санкциялардың ықтимал немесе нақты бұзылғаны туралы хабарланған немесе өзгеше түрде белгілі болған Компания қызметкері өзінің жетекшілік ететін басшысын, сондай-ақ комплаенс-бақылаушыны дереу хабардар етуге міндетті. Өз кезегінде комплаенс-бақылаушы осындай клиент не қызметкер бойынша одан әрі шешім қабылдау үшін Компания басшысын хабардар етеді.

12. Компанияның қызметкерлері мен клиенттері проблемалар туралы info@nsk.kz электрондық поштасына хабарласа алады. Компанияның басшылығы осы саясатқа сәйкес проблемалар туралы адал хабарлайтын кез келген қызметкерге немесе клиентке жан-жақты қолдау көрсетеді. Проблемалар туралы адал хабарламалардың нәтижесінде теріс реакция көрсету қабылданбайды.

13. Компания қызметкерінің клиенттің ықтимал және/немесе нақты санкцияларды бұзуы туралы ақпаратты әдейі немесе кездейсоқ жасыруы сенімді жоғалтуға негіз болып табылады және еңбек заңнамасына сәйкес шаралар қабылдануы мүмкін, тіпті еңбек келісімшартын тоқтатуға дейін. Бұзушылықтың дәрежесі мен салдары әр инцидент бойынша бағаланады. Қажет болған жағдайда Компанияда ішкі қызметтік тергеу басталуы мүмкін, соның ішінде басқа уәкілетті тұлғалар мен органдарды тарту арқылы.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14. Осы саясаттың ережелері Компанияның әрбір қызметкеріне жеткізілуі тиіс. Қызметкерлерді осы саясатпен таныстыру Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Компания клиенттері осы Саясатпен Компанияның сайтында таныстырылуы тиіс.

16. Осы саясат ашық (шектеусіз) болып табылады, оның құпиялылығын қамтамасыз ету (таратуды шектеу) қажет емес ақпаратты қамтиды және Компанияның барлық қызметкерлері мен клиенттеріне танысу үшін қолжетімді